

Қаз 2

Қ34

**Мүтәллап Қанғожин**

10.135

4

**АҚ ҚАЙЫҢДАР АРАЛЫ**

**МҮТӨЛЛАП ҚАНҒОЖИН**

***АҚ ҚАЙЫҢДАР АРАЛЫ***

*(Өлеңдер)*

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ, Алматы — 1969

Қ 34

Қанғожин Мүтәллап.

АҚ ҚАЙЫҢДАР АРАЛЫ. (Өлеңдер).

Алматы, «Жазушы», 1969.

56 бет. 10 000 дана. 17 т.

Жас акын Мүтәллап Қанғожинның «Ақ қайыңдар аралы» атты бұл тұңғыш кітабына достық пен махаббат, ұлы Отанға сүйіспеншілік лебізі, туған жер табиғаты жайлы өлеңдері енді.

7-4-3

119-69

ДОКУМЕНТ

Каз 2

ОБЩЕСТВЕННАЯ БИБЛИОТЕКА  
ИМЕНИ В. И. ВЕРНОВСКОГО

## **ӨМІР**

Өмір — мәңгі тарқамайтын жәрмеңке  
Жалғасатын қызық-дәурен таңға ерте,  
Алыс-беріс, сапырылыс, жанталас,  
Намыс-жарыс, дүние фарқы, жан еркі.

Өмір — тасқын, заңғар таудың қайнары,  
Бірде асау, бірде бәсең — жайдары.  
Батыл болсаң бауырына тартады,  
Шертілмеген сырын шертіп қайдағы.

Бірде ызғар боп ширатады тоңдырып,  
Ұшырады шындарына қондырып.  
Өмір — сусын, өмір — өшпес махаббат  
Гар кеудемде  
Таң боп қалған орнығып.

О, өмірім, көп қой гибрат мән-сырың,  
Әр таңыңнан күтемін мен таңсық үн.  
Қызығыңа қойдың өзің құштар ғып,  
Ой — санамның аралап бар талшығын.

Сенің күшің сансыз семсер серппелі,  
Адамзаттың пак жетілген серттері.  
Сенің санаң дайым дамып жататын  
Әммә халық —  
Тілкұралдар септеуі.

Пак ксудеңнен қанша миуа төкпедің,  
Арбап, толғап ынтызарлық көктемін.  
Сенің сәулең жанарлардың жарқылы  
Тұрған жалғап нұрын дәйім көкте күн.

Сенің үнің сыбызғылар әуені,  
Алуан сазбен аймалайтын әуені.  
Жаңғырықтар биіктікті жалғаған  
Кең еңселі ұлылықтың әлемі.

Күнмен жалғас бар тіршілік сабағың,  
Күнмен жалғас көңіл күйі, қас, қабағың.  
Жыр соғайын көкейіңе қонымды  
Ұштала түс жас қауырсын қаламым.

Шыққан сайын биігіне тырбанып,  
Көзге келер жас тамшысы ұрланып.  
Қарай берем өз ізіме бұрылып,  
Алдыма шық ақ армандар ырғалып.

Келемін мен ауырыңды арқалап,  
Алдым — заңғар жақындатып жол табал.

Сезінемін ашылығын терімнің  
Түбінде бір  
Тәтті рахат —  
Марқабат.

### **ӨЗ ТІЛІМ**

Тілім бар,— менің ақыл, ожданым бар,  
Тілім бар — жүрек жылтқан өз қаным бар.  
Өз тілім тербетеді, тебірентеді,  
Тіліме тіл  
Тигізсеңдер,  
Қорладыңдар.

Өшпейді, тілім менің қартаймайды,  
Жарысып уақытпен жай таңдайды.  
Арнасы айдын шалқар асқаралы —  
Қайнардың көзін ешкім

Сарқа алмайды.

### **КЕШ ТУҒАНЫМ БОЛМАС МЕНІҢ?**

Кеш туыппын, кеш қалыппын  
Демеймін мен достарым!

Көрмедім деп іренжімен  
Аманкелді қостарын.  
Өмір толы романтика,  
Тамаша сан ерліктер,  
Космосқа старт... Жоспарладық  
Айға ұшуды ел күткен.

Шыңнан қанша ақтарылды  
Мөлдір қайнар, гаусар су,  
Айдында ойнап, су сабалап,  
Сыңсып өтті қанша аккумулятор.  
Өткен күндер оралмас та,  
Өшпес бірақ іздері —  
Даңқты ерлерге айғақ анау,  
Ескерткіштер түздегі!..

Болмадым деп өкінбеймін  
От жалынды күндерде,  
Шықпадым деп барлауға да  
Тынымы жоқ түндерде.  
Өткел бермес өзендерден  
Қаздай қалқып өтпедім,  
Құлағыма естілген жоқ  
«Алғалаған!» өктем үн.

Жаралы боп жүрегімнен  
Жатқаным жоқ қансырап,  
Қансонарда тазы қосып,  
Құрғаным жоқ аңшылық.

Отырмадым Аппенковтың вагонында  
Азап шегіп, ойсырап,  
Сәкен маған деген емес,  
— Шыда, шыда ей, шырақ!

Бұл өмірдің әсемдігі —  
Ерлік пенен жеңісте,  
Күрес, күрес мәңгі болмақ  
Бақыт үшін әр істе.  
Кен қопарып тылсымдарып  
Ашсам жердің көмескі,  
Қол қарысып штурвальда  
Жүрсем астықты еңісте;

Жүз-жүздеген жас қаланың  
Кірпіштерін қаласам,  
Құт құрығын өз бабамның  
Ұстауыма жарасам,  
Кеш туғаным болмас менің  
Ұрпақтардың ерлігін  
Коммунизм сарайына  
Құрыш күмбез қаласам!

### **ҚАРААҒАШ**

Қараағаш — туған жер ауылым,  
Қараағаш — дарқан ел — қауымым.



Таң болып қалар ең бір көрсен,  
Көкшенің тетелес бауырын.

Көк белес, нулы орман жан-жағы,  
Ол қашан кемелге толғалы.  
Төсінен ақ жамбы шашылған,  
Шіркіннің базар-ау, бар маңы.

Самалы сергітіп жаныңды,  
Ойнатад жүректе қаныңды.  
Шырқап-ақ кетесің көктемгі  
Көңілге қоныстап таң үні.

Жағаңа келдім мен тандатып,  
Алайын құмарды талдатып,  
Күміскөл, айбындым, аяулым,  
Суыңа қойған ба бал қатып!

Күміскөл, ақ бұлтпен арбасқан,  
Жазбаған жырымсың — зор дастан  
Жағаңнан ән шертіп өтіпті  
Әнші Ақан, сері Ақан талмастан.

Жан-жағын думан ғып әйдетіп  
Өтіпті ол ойы ояу, жан мертік.  
Құлагер қу басын құшақтап,  
Аққу, қаз, тырнаңды жаршы етіп.

Ақанша алысқа қарадым,  
Құмарта сіміріп таң әнін.  
Кетемін қиялмен ілгері,  
Қызықтап елімнің ражабын.

### **„ТӨРЕНЕЛДІ“**

Армысын, ата мекенім,  
Аршалы, қайың, құба тал?!  
Шаттықты маған әпердің  
Өмірлік бойға қуат-әл...

Самалға шешем тербеткен  
Құндақтап мені шуаққа.  
Қойнында өскен терекпін  
Жапырақ жайып жан-жаққа.

Желпініп жасыл желекпен,  
Көлінде қуың ән сапты.  
Қара құр нуың күзеткен  
Думаның сенің аңсатты...

Байқамай бұрын жүріппін,  
Жайнаған жасыл жаннатты.  
Тулатып қанын жүректін,  
Көңілдің құсын сайраттың.

## **НӨГЕРБЕК<sup>1</sup>**

О, «Нөгербек», мен сенің тамшы қанын,  
Майысып жаңа ер жеткен тал-шынарын.  
Нәр татып, жұпар жұтып таза ауақнан  
Ластықтап жанымды аршығанмын.

Шаттықтап шарап ішіп мастанбаймып,  
Қайғыдан қара түнек жасқанбаймын.  
Тірлікте бәрі дағы керек тегі,  
Бәріне де кеудемді ашқам дәйім.

Сүйемін ұшқырлықты қарлығашша,  
Сермеймін құлашымды арғымақша.  
Сүйсінсін серпініме дос қуанып,  
Дұшпаным басын иіп, шағым айтса.

Алшаңдайтын қиындық қорысынан,  
Арқаның мен кәдімгі бөрісі нән.  
Дегенменен біреуге көз алартып  
Маған жат жұла тарту ырысынан.

Қорғаушым, қолдаушым да — адалдығым,  
Белгісі адалдықтың—адамдығым.  
Кешірім ешқашан да жасама сен,  
Туған ел, сезілсе сәл жамандығым.

---

<sup>1</sup> Жер аты.

Албырттық артқа тастап балалықты,  
Сыйлапты уақыт маған ағалықты.  
Қайсармын, қайыспаймын, қаймықпаймын  
Елім соққан құрыштан тағам мықты.

Қазықтай жерге енсем де бел-ортамнан,  
Түсірмен өмір жүгін жон арқамнан.  
О, елім, қиыныца жұмса мені,  
Түлекпін өз қойнында қапаттанған.

### **ЖОЛДЫӨЗЕК**

Туған жердің шар-тарабын  
Бар ма ыстық көрмейтін жан,  
От махаббат — шалқар ағын  
Көкірегімді керней туған.  
Осы жерге тисе табан —  
Өз үйімнің босағасы  
Жөнелемін мамықтай-ақ  
Оның жайсыз қырлы тасы.

Көдесі де күлдіреді-ау,  
Тентек інім қарсы алғандай,  
Жел сәбидей гу-гулейді  
Мен келді деп жар салғандай.  
Күн де күміс шашады кеп  
Көңіл жазын жадыратып,

Қайтқан құстай бастан ой да  
Дүркірейді дабылдатып.

Жолдыөзегім күлімсіреп  
Көкірегінен ән құяды.  
Дарқан анам гүл ұсынып,  
Жүрегімді алға ұрады.

Мекен-жерді қысып-қысып,  
Ұшар едім, әттең-әттең,  
Құшағыма симайсың-ау,  
Ең болмаса бір сәтке сен.

Жолдыөзегім — Нөгербегім,  
Сенен алғам жыр өрнегін,  
Үйретіп ең бар жақсыңа,  
Көктемедей түле дедің!  
Шайқастардан шалдығып кеп  
Тыным тауып алыптардай,  
Көси салып аяқ-қолды  
Жатқан, шіркін, қалпың қандай.

Маңдайыңнан қатпар-қатпар  
Сипайын деп оқталамын,  
Бұзбайыншы тыныштығын деп  
Ұмсынып, бір тоқталамын.  
Қыраныңмын, қалықтадым  
Аспаныңда топшы жимай,  
Өр төсіммен сырып келем  
Түйір бұлтқа сені қимай.

## ҮЙІМЕ

Кішкентай менің осы үйім —  
Сәулетті сарай, кең жайлым.  
Ертеңге отын тасимын  
Өршітіп нелер кенже ойдың.

Қадалып талай Айға анау,  
Сырластым тәтті қиялмен.  
Көңілім — көрік,  
ой — алау,  
Желпиді бөркін қиялдың.

Мүлгіген үнсіз қабырға,  
Бөлмеге тұнған тыныштық.  
Сезімді шертіп сонарлы  
Жүректен туды жыр ыстық...

Қуаныш, қайғы кесесін  
Толтыра іштім осында.  
Ғажайып түннің нешесін  
Өткіздім жардың қасында.

О, үйім, менің — отаным,  
Қойныңда құт бар — мол бақыт.  
Өмірдің алтын оттарын  
Лаулатам сенде әр уақыт.

## **ӨСКЕН ЖЕР**

Неткен көркем еді шіркін, бұл аймақ,  
Оның маған әр бұрышы ұнайды-ақ.  
Жұпар иісті балаусалы жонына  
Жата кеткім келеді ылғи мың аунап.

Жетегіне жебеу болып неше ойдың,  
Осы жерде етек жиып, есейдім.  
Кей кездерде көл басынан кеш қайтып,  
Іренжіткем үрейін ап шешейдің.

Осы жерде жыр қуалап, күй ұққам,  
Балауса шақ қызығына құныққам.  
Алғаш рет жүрегімді тербеген  
Әлі есімде сәулем айтқан сүйікті ән.

Осы жерде бойыма күш — әл тарап,  
Үйренгенмін ауырлықты арқалап.  
Осы жерде өксіп, мауқым басқамын,  
Осы жерден көрінеді шар-тарап!

## **БАЛЫҚТЫМ, МЕНІҢ БАЛЫҚТЫМ!**

Тұңғық аспан көгіндей,  
Шалқыған шаттық көңілдей,  
Ботаның мөлдір көзіндей  
Балықтым, менің Балықтым.

Аққуың сайрап сұңқылдап,  
Үйрегің ұшқан сымпылдап,  
Балығың ойнап бұлтылдап  
Балықтым, менің Балықтым

Құмыңда сенің ақ қайрақ  
Ойындар қуған атойлап,  
Балалық іздер түр сайрап,  
Балықтым, менің Балықтым.

Айдыңың сенің айналы  
Мөлдірліктің айғағы,  
Бола бер дәйім жайдары,  
Балықтым, менің Балықтым.

Толқышыңа оралып  
Өткен болар сан алып,  
Қара көздер қадалып,  
Балықтым, менің Балықтым.

Жүзімнен сипап желің де,  
Балығың ауда тебінді,  
Тербейсің қалай сезімді,  
Балықтым, менің Балықтым.

Сырларын жұтқан талайдың,  
Сыбызғы үнді ақ айдың,  
Құштары ма едің ағайдың?  
Балықтым, менің Балықтым.



Ойларды қозғап сан қилы,  
Шағала қиял шалқиды,  
Бұзбаспын асыл антымды,  
Балықтым, менің Балықтым!

### **ЕСІЛ БОЙЫНДА**

Жамырап өрген қозыдай  
Алдымнан шықты толқының.  
Жырым ба ең жүрген жазылмай  
Көтеріп қырға қолтығын.

Мен де бір құсын ұянда  
Баса алмай жүрген аптығын.  
Құя бер қуат құмарға,  
Өзің бол ән-күй — шаттығым.

Орғисың өрге ойнақтап,  
Жанғыртып жар мен жазықты.  
Ала алмай нәрінді оймақтап,  
Болып та жүрмін жазықты.

Күмістей үнің сылдырап,  
Тынымсыз әнге саласың.  
Белінді нәзік мың бұрап,  
Күлімдеп ағып барасың.

Айнала қоршап ақ толқын  
Көбігін шашты жарға аппақ.  
Жаңағы шыққан тәп-тәтті ән  
Кетіп те қалды-ау, аулақтап.

Ойланым қан ем сол бір сәт —  
Балалық кетті өзіңмен.  
Бала боп тұру емес шарт,  
Мәрттігім қалсын өзіммен.


Қызылжар, 27 март,  
1907

### **„ӨРНЕК“ АУЫЛЫНДАҒЫ ЖАРТАСТЫ КӨРГЕНДЕ**

Ауылдың алды жақпар тас,  
Міз бақпай қалған мелшиіп.  
Қалапты ірге қатарлас,  
Осынау тасты ел сүйіп.

Қалайша сырын ақтармас,  
Елпілдеп келген ұланға ол.  
Қадалып қалдым қақпай қас,  
Төсінен ұшар қырандай.

Жақындап келдім тұсына,  
Жарына тұрдым сүйеніп.



Сүйсіне қарап сұстыға,  
Сырларын ұқтым киелік..

Жылқышы ма әлде аязда  
Күрпікке малы омбығып —  
Жылқыдан тартып жаны аза,  
Жартас боп қалған домбығып?

Тұлпарын байлап ақырға,  
Буырқанған төстеп күш —  
Қорғаны болған батырға ел  
Қойды ма әлде ескерткіш.

Соқты екен қанша дауылдар,  
Шырғалап шыңды осынау.  
Жеңісін тойлап қауымдар,  
Қонды екен қанша қосындар?

Махаббат деген мықты ғой,  
Ажалды жеңген алпауыт!  
Жүрегін тосып шықты ғой,  
Батырын елі қарсы алып.

Ғасырлар шөккен, ел бекіп,  
Бұ да бір жердің шоқтығы.  
Келемін мен де желдетіп,  
Ұсынып жырдың шоқ гүлін.

Межесі биік мергеннің,  
Жауға атқан оғын жебеден.  
Қарт батыр, саған қол бердім,  
Арнайы іздеп кеп едім!

Тұлғалы екен тұрысың,  
Бойында бұққан қайрат бар.  
Кеңейіп бүгін тынысың,  
Кейпің бар талай таңды ақтар.

### ***АҚ ҚАЙЫҢДАР АРАЛЫ***

Ерке Есіл Арқа — аруы сылдыр қаққан,  
Тентектік мінезі бар тезге батқан.  
Ақ төсін таңғы арайға аймалатып  
Мерусерт күлкісімен қырды оятқан.

Қу қонып, ну жиектеп жағалауын,  
Қаз-қатар қаулай өскен бала қайың.  
Жалт беріп өте шығад шәйі шалқар  
Көтеріп күміс оқа орамалын.

Ежелден елецдетіп ел құлағын,  
Шертеді нәзік күйін домбыраның.  
Ұзаққа ұзатылған жас арудай  
Ойнайды ерке желмен орғып ағын.

Ақ қайың атырабы — ақала орман  
Бойына бауыр басып бабам қонған.  
Кереге-уық жонып құба талдан  
Алысқа көз жүгіртіп ойға шомған.

Қатпарлы қия тасты белден басып,  
Жер тоңын жібіткелі жолдар ашып,  
Шөлдеген жан-жануар сені көріп,  
Бас қойды дала кезген іздеп нәсіп.

Жасырып ішке түйген сырларын көп,  
Жағаңнан қеруен көшкен қырларға өрлеп.  
Жарыңнан төне қарап мен де тұрмын,  
Көне күн шежіресін тыңдайын деп.

Тасыңа жанып талай тай тұяғын,  
Жүйректер шапқан, тігіп қос құлағын.  
Дүрліксе арыстан жал толқындарын  
Шапқын ба, тосын шыққан деп қаламын.

Киіпсің кезінде, рас, мұздан қаптал,  
Жойқын күш тұншықтырып, десе: «таптал»!  
Жұлындай омыртқаның ішіндегі,  
Тіршілік өзегі боп таңды ақтар.

Тербетіп бойындағы тіршілікті,  
Ағының алға асулап өршініпті.  
Жағаңнан ер Қосайлар жауын қуып  
Құлшынып қызыл жарға ту тігіпті.

Ақ қайың — үкілі орман жайған қанат,  
Сыңсиды жыр тартқандай айдан ғажап.  
Жүректей тынбай соққан тар кеудеде  
Тулайды бура толқын жардан құлап.

Ежелдеп ел жайлайды қос қанатын,  
Жағалай ұялы орман құс қонатын!  
Жағада жалғасады жаңғырықтар  
Той-думан!.. Бәйгеге жұрт қосқан атын.

Әп мен күй ақ қайыңдар аралында  
Ұшқан құс, жүгірген аң,

маралың да.

Балғадай балықшының қарын үзіп,  
Шоршиды жібек аудан алабұға.

«Алқағаш», «Аралағаш», — аппақ орман,  
Бірғалған айнымайды ақ маралдан  
Аралы ақ қайыңдар менің жұртым  
Қойнында туған талай аптап-арман.

Ақ жалды арнасынан — құлын қашып,  
Уақыт зымырайды қылын басып,  
Сырласып-сыбырласып ерке Есілмен  
Толқынға жүрегімді жүрмін ашып!

## **СОЛДАТ ҚАБЫРЫ**

Бөтен елдің топырағын жамылып,  
Жатыр солдат мәңгі ұйқыда жабығып.  
Ол қазақтың батыр ұлы қаны ыстық,  
Оянбас па туған жерін сағынып!

Фашистердің шенгеліне түспеуге,  
Жау ұсынған «бал шарабын» ішпеуге,  
Ант берген ол шегінбеуге жарты елі  
Алға ұмтылды, алға қырап құс кеуде...

Қорамсақтан оқ жаудырды ол қанша,  
Көк қамшылап көкірегін қорғанса.  
Жауды өкшелей қуып барад тықсыртып,  
Қуып барад күн ұяға қонғанша.

Жер пұшпағы өзі қорғап қалған сол,  
Құшағына өр тұлғаны алды аршын.  
Төлеп кетті Отанға айтқан ант-сертін,  
Төлеп кетті азаматтық жарнасын...

«Туған жер!» деп бір шығарды өр даусын,  
Зор кеудесін басқанда зіл қорғасып.  
Оянбас па елі-жұртын сағынып  
Бұл бір қазақ ерке бұлан — ардасы?

Жер бауырлап құлап түсті талған соң,  
Көкірегінен ұшты зулап көгаршып.  
Көз алдынап өте берді дарига-ай,  
Тәтті дәурен, жеткізбеген арман — шың.

## ***СОҒЫС ДЕСЕ, ДІР ЕТЕДІ ЖҮРЕГІМ!***

Соғыс, соғыс, қасіретінді көп көрдік,  
Қазаны да, азаны да өткердік.  
Қаршадайдан қабындырып өкпені,  
Түзге шықтық қабымызды бөктеріп.

Тіршіліктің талдарына қарманып,  
Шаттықты іштей тек жеңіске арнадық.  
Қайыс бишік...  
Маймақ өгіз...  
Соқа айдап,  
Мехнатыңа алдық әбден арбалып...

Соғыс десе, дір етеді жүрегім,  
Зардабынан әлі де әлсіз білегім.  
Әке, ағасы оққа ұшқандар бар болса,  
Мен де достар,  
Сол жетімдер бірі едім!

Суымапты үйден шығып кеткен із,  
Келеді деп үміттіміз әкеміз.  
О, уақыт, қандай жылдам жүресің;  
Әкесізбіз, енді өзіміз әкеміз.

«Папа» десе өзімізді бөпеміз,  
Елеңдейміз ағайыпды екеуміз!  
Суымапты үйден шығып кеткен із,  
Келеді деп үміттіміз әкеміз.



Бойын сұңғақ аспанменен таласқан,  
Мекенің тау, тал нұсқаңа жарасқан.  
Сенен барын аямай-ақ табиғат  
Сұлулықты сыйлапты гой о бастан.

Күннен күнге жасарасың, өсесің,  
Кеуденде ашып нұр мен гүлдің көшесің.  
Ғажайыпқа толтырарсың сен иелер,  
Сұлу сырлы көңілдердің кессің.

### ***АШИДЫ ЖАНЫМ...***

Әрі-сәрі мінезі, ала-құйын бір жігіт,  
«Сендерге ме, сендерге!»  
Сұмдықтарын жүр жиып.

Ұнатпайды, байқаймын,  
Тіпті ол сені, мені де,  
Қашан көрсең жүреді-ау,  
Нан пісіріп деміне.

Қарыс жауып қабағын,  
Түсірердей көгіңді  
Мәмілеге кел десең,  
Жақтырмайды оныңды.

Сол мінезі үшін де  
Көп аяймын байғұсты,  
Ықыласты түсінсе,  
Жаудырар ем алғысты.

### ***ӨСЕН***

Құлақтан құлаққа жүгіріп,  
Ацқаудың ішіне үңіліп,  
Шындықтан жесе де көп таяқ  
Қалмайды бір рет түңіліп.

Жазықсыз жандарды жаралап,  
Улайды ел ішін аралап.  
Періштең болса да ол сенің  
Кетеді табанда қаралап.

### ***ЕЙ, АЗАМАТ!***

Үзе көрме жанарымды сәуледен,  
Тіршіліктің белгісіндей мәңгілік.  
Титтей көзді өмір оты кернеген  
Жер бетіне кетер ме едім қалдырып!..

Әйтеуір бір өлеміз, кетеміз бұл өмірден,  
Шындық қой.  
Өлімді әсте ойламаймыз, гүл іздейміз өңірден —  
Сауық, той.  
Уақыттың желкенімен күнде сапар шегеміз —  
Тағатсыз.  
Ауырлыққа тосамыз арқамызды үйренген —  
Қайсарлық.  
Ел панысын ту етіп ажалға бас тігеміз —  
Ағатсыз.  
Талай минут желге ұшты, жүргенде біз  
күйбеңмен —  
Аңқаулық.  
Құрығынан ұстайық, зырлай тартқан уақыттың —  
Қарманып.  
Ауызды ашып тұрмайық, жарқылына  
жақұттың —  
Алданып.  
Біздер үшін бабалар қорған, қала салдырған,  
О, галамат!  
Белгі жасап кетейік, ұрпақты таң қалдырған,  
Ей, азамат!

## **ЖЫР**

Жыр кенін қаза бердім, қаза бердім,  
Мөлт еткен тұңғыықтан таза көрдім.  
Ұсынсам жарты қасық жыр мөлдірін  
Маған да ауар еді назары елдің.

Айдынын арқалатып құстар маған,  
Толқындар тербел еді, түс пе алдаған?  
Ойға өлшеп салмақтаймын әлсін-әлсін,  
Асыл ғой жүректе жыр мысқалдаған.

### **ШАБЫТ**

Сезімнің серуендеп пернесінде,  
Көңілдің күйге орайды домбырасып  
Қалықтап кең кеудемнің кермесінде  
Өр шабыт бірде қыран бірде лашын!

Шабытта — шалқар теңіз толқындары,  
Құмды илеп, тас қайрандар жастанғаны.  
Шабытта — нажағайдың жарқылдары  
Бұлттарды осқылайтын аспандағы.

Шабытта — құрыш қанат қыран құс бар,  
Топшысын түлей ұшқан алыстарға.  
Шабытта — үдей соққан дүлей күш бар,  
Шақырған күрестерге, жарыстарға.

Шабытта — «құралайдың салқыны» бар,  
Қысатын құрыстатып дауылымен.  
Шабытта — қырық күн шілде жалқыны бар,  
Аптығын басатұғын жауынымен.

## ***БІР ШӨКІМ ТОПЫРАҚ...***

Бір шөкім топырақты қолыма алып,  
Қараймын, қызықтаймын ойға қалып.  
Тер сіңген алақанда сансыз жұлдыз  
Бергендей мөлдір аспан сыйға салып.

Түрлі ой — су жүйріктей сылаң агып,  
Басымнан өтіп жатыр бұраң қағып.  
Осынау қара қошқыл топырақта  
Миллион тіршілік түр шырақ жағып.

Япыр-ай, алып па едің шүйкедей қол,  
Көтерген тіршілікті салмағы мол.  
Қалайша сыйып кетті осынша өмір,  
Алақан шұқырына ноқаттай сол.

## ***АЛДЫМ ЖАЗ***

Қайғының қара тасы түссе басқа  
Сандалған кетем мен бір ұсап маска.  
Дүние төңкеріліп көз алдымда  
Қып-қызыл от ойнайды, лаулап баста.

Мұндайда ашу деген бір сұр жылан,  
Алқымнан буады кеп уылжыған.



Сен бұзбайтып қамал қалмайд жер-көкте,  
Дүние түгел сыйып кетед келбетке.  
Шіркін көңіл, кең жазира даласын  
Кұндақталған жүрек атты жөргекте.

### **НЕЛШІ, АҒА!..**

Жаңбырша бораған қорғасын,  
Талайдың жарды ғой жүрегін.  
Кұлатып ағайдың ордасын,  
Уақыт жұлды ерте тіреуін.

Шалдыққан өгізбен парласып,  
Соқаны тартты анам зорлығы,  
Қайғы мен өр намыс арбасып,  
Тез тапты тірлікке жолды да.

Бәріне бейіл ғой шешеміз,  
Күтеміз хабарын ағаның.  
Шкафта тұр әлі кесеңіз,  
Тай өсті сыналап сағағын.

Күрсіне бір жұтып арақты  
Отырар жеңгеміз кейбір күн,  
Анашым түгесіп тағатты,  
Күтеді ұлының келуін...

Бала едім бұғанам қатпаған,  
Қайысты балдырған білегім.  
Таңдардан іздедім ақ табан,  
Жоқ әлі, жоқ ұлы тірегім.

Еркелеп мойныға асылып,  
Басайын сағыныш мауқымды.  
Іркейін көз жасын жасырып,  
Келші, аға! Тым болса, жарты күш!

### ***ТОЛҚЫН***

Толқынды толқын қуалап,  
Толқыннан толқын қашады.  
Күн сәулесін шудалап,  
Шудалап жарға шашады.

Толқыннан толқын секіріп,  
Толқыннан толқын бұғады.  
Толқынға толқын бекініп,  
Арнаның күшін құрады.

Тереңді толғап туады,  
Тереңнен талай толқындар.  
Ереуіл күтіп тұр әлі,  
Еліге шаппай ой тұлпар.



## **АЛА БЕРГІҢ КЕЛЕДІ..,**

Бөлісіп қарттар талай қасыретті,  
Қуанышты дәл солай нәсіп етті.  
Қайтармаған маңдайға өмір — тарих,  
Шежіресін пректеп жазып өтті.

Өткенді көп айтады қарттар бүгін,  
Ақтарып азды-көпті жиган жүгін.  
Сірессен кеудесінде саф алтынның  
Ала бергің келеді қоймай бірін.

## **НӨКТЕМ КЕЛДІ...**

Көктем келді хош иісі бұрқаған,  
Бүршік жайған әр бұтадан сыр табам.  
Бір биіктен бұлақ әнін құйылтса  
Балбұл жанып ырғалады гүл тамам.

Тәтті күйге тіршілікті балқытып  
Ну жырлайды табиғатқа жан бітіп.  
Қаз қаңқылдап, қу сұңқылдап көлінде  
Жап-жаңа бір ән әкелді шалқытып.

Жөңкілген бұлт — сәйгүліктер сұңқылдап,  
Қиянға асса жел жалынан жұлқылап.

Жаңбыр жауса жер бұзаудай сүт емген  
Ернінен аппақ көбік бұрқырап.

Алау-жалау гүл шашағы ашылып,  
Сәуле ойнайды жанарыңа шашылып.  
Ақ гүл болып күлімдеймін сәулеге  
Қызыл гүл боп жануға да асығып.

Көк аспанның көлеңдеген бұлты жоқ,  
Тамылжиды ұлпа қарда нұрлы шок.  
Шартарапқа шалқи ұшып оралды  
Шаттық сезім ақ жүзіме күлкі боп.

### **НҮЗ**

Сарғайып жапырақ,  
Жемісті күз келді.  
Өзгеріп атырап,  
Ақ сары түрге енді.

Алтын күз арқалап  
Әкелді байлықты.  
Күштерін байқады-ақ,  
Болса да қай мықты.

Ақтарып төкті ел  
Күз мырза қанарын.  
Көздерін төңкерді  
Алма, өрік, анарын.

## **БОРАН**

Қар көрпесін қаққанда  
Бұрқылдатып кең дала,  
Аспан жерге түскендей,  
Тарыла қалды айнала.  
Арыстандар ақырып,  
Жекпе-жекке шыққандай,  
Алай-дүлей бораннан  
Ай қорғалап бұққандай.  
Көк теңіздің көктемде  
Көк сеңіндей сөгілген,  
Қиыршық қар дүрмекпен  
Тентек желге жегілген.  
Ішін тартып ышқынып,  
Тырналайды тұз қарын,  
Жап-жалаңаш қайыңға  
Көрсетеді ызбарын.  
Ел ұйқыда.  
Даланы боран кезді айналып,  
Терезеге төніпті  
Ақын жігіт ойланып.

## **СҰЛУЛЫҚ**

Сұлулық — ержігіттің өнерінде.  
Сұлулық — ақ бұлақтың кемерінде.  
Сұлулық — алақанын күнге жайған  
Сылдырлы аппақ қайың — көк өрімде.  
Сұлулық — бикештердің ерінінде.  
Сұлулық — аналардың мейірінде,  
Сұлулық жазғы гүлдің шырайында.  
Сұлулық бұлтсыз күннің райында.  
Сұлулық — бар әлемді нұрға малған  
Алқызыл атар таңның арайында,  
Сұлулық — адамдардың жүрегінде.  
Сұлулық — ақсақалдың тілегінде.  
Сұлулық — нәрестенің күлкісінде.  
Сұлулық — қырдың қызыл түлкісінде.  
Сұлулық — даналықтың асқарында.  
Сұлулық — елдің ерке жастарында.  
Сұлулық — мәуе төгіп маужыраған  
Өлкемнің мөлдір тұнық аспанында.

## **ҚАРА ТОРҒАЙ**

Қара торғай хабаршысы көктемнің,  
Қырға келіп басқа құстан ертерек.  
Нұрын, гүлін шашты жерге көкпен күп,  
Таңға торғай сұңқылдайды еркелеп.

Қанатында жібек самал — жылылық,  
Елжіреттің жүректердің қандайын.  
Кіп-кішкентай көмейінде жыр ұйып  
Қалмасын деп шырқайсың ғой әрдайым.

Сырлы бақтан: жылы жақтан бір тынбай,  
Ұзақ жолдан, келсең талып қос қанат,  
Лүпілдеген жүрегінде құртымдай,  
Туған жерге деген ыстық махаббат.

\* \* \*

Альпинистпін, иығымда жүк қанша,  
Асығыспын сонау шыңға шыққанша.  
Тілерсегім тілінсе де тоқтаман,  
Өрлігімді өмір өзі ұққанша.

## **ҰМЫТЫП НЕТТІМ ӨЗІМДІ**

Көктемеде

Күлімдеді қыр-қырат  
Қыстың тоны жыртылып  
Кұлайды ойға шұрқырап  
Су сайлардан бұлқынып.

Көл ортасы көкшіл сен  
Шар айнадай аумаған.  
Қамыс-күйші кешкісін  
Сырнай,  
қобыз ойнаған.

Жотасы жердің бұрқырап  
Шашына орман шолпы ілді.  
Тай-құлын дөңде шұрқырап  
Тіршілік күйі шертілді.

Туғандай ғажап жаңа аңыз,  
Кемесін тоқып қамыстан,  
«Теңізші» бопты баламыз  
Толқынмен ойнап жарысқан.

Көңілі бұлтсыз аспандай  
Қуанса құс боп самғайды.  
Жаңа бір дүние ашқандай  
Лепіріп жүрек лаулайды.

Базарлы көктем гу-гулеп,  
Алды ғой жеңіп төзімді.  
Жыр арумен би билеп  
Ұмытып кеттім өзімді.

## **БӘЙГЕ**

Ащы айқаймен «тарт» деген,  
Қосыла ұшты жүйрік ат.  
Жата қалды шаң төмен,  
Тұяқтан құйын бұрқырап.

Тізгінді тартса толғана,  
Самғамай жүйрік тұрар ма.  
Айызы қанып кең дала  
Айтқандай алғыс бұларға.

Тіктей түскен көп тұяқ  
Жеміріп жатты жер төсін.  
Шаншылып көкке қос құлақ  
Күржитіп алды желкесін.

Келеді бала шапқылап,  
Қос қолдай тартып тізгінін.  
Шабысы қызған тас тұяқ  
Жұлып та жатты түз гүлін.

Үзіліп шығып тұманнан,  
Келеді бір ат асыр сап.  
Бұлттарды жарған қыраннан  
Аумады бала осы сәт.





## **НӨКТЕМЕДЕ САУЫҚ НЕШІ**

Алуан нәзік күйлер құйып,  
Құстар келді көктемді алып,  
Сыбызғы әуен бозторғайлар  
Шырқатады естен танып:

Құз-қияға, қырга келді,  
Құс мәз-майрам ұя басып,  
Тәтті әуенге мүлгіп енді  
Тұр табиғат құлақ асып.

Нажағайын, желін жұмсап,  
Көктем өзі жарлық берді,  
Жер түледі, жан шақырып,  
Тірілтті бар жәндіктерді...

Бас асаусып арындады,  
Кемерінен «Балықты» асып,  
Сай-саланы аралады  
Ақ толқындар зайыптасып.

Сыбызғы әуен торғай әні  
Төңкеріліп тез оралды,  
Бетховеннің асау күйі —  
Еңбек күйі кезек алды.

Жолдыөзектің жағасында  
Ән көктемі қолтығына ап,

Көнілімді алуан күйге  
Тастады ғой толтырып-ақ.

Құстар, анау, сыңсып өткен,  
Келді ме екен теңіз асып,  
Көңіл күйін қозғайды бір  
Жанға жайлы лебіз шашып.

Ойдан қағас еткен емес,  
Үміт шіркін әкемді әсте,  
Жылы хабар көктем сайын  
Құстар маған әкелмес пеі?

Табиғатқа жан бітірген  
Күшті-ау, көктем құдіретін,  
Тынған жүрек қайта соғып,  
Жағар ма әттең ғұмыр отын!

Нажағайың, желің жұмсап  
Көктем ару, жарлық берші,  
Бар еді әкем өткеретін  
Көктемде сауық кеші.

## **БҰЛТ**

Аспанның көкпеңбек  
Күмбезін көлкелеп,

Созылып келеді  
Қара бұлт ентелеп.

Ысқырып, ышқынып  
Қуады, жер көлбеп,  
Көк долы дауыл да  
Байғұсты желкелеп.

Жер сызып бауыры,  
Жия алмай қанатын,  
Жаралы бүркіттей,  
Құлап-ақ қалатын.

Сарқып--ап ақырғы  
Қуатып бойына,  
Шартылдап от шашад  
Даланың жолына

Тілгілеп аспанды  
Найзағай қамшысы,  
Көзінен мөлтілдеп  
Ызаның тамшысы,

Отансыз бейшара!..  
Қона алмай көкалга,  
Жөпкілді дауылмен  
Қуырылып апшысы.

## **ШУМАҚТАР**

Жақсылық керек, жақсылық жаса адамға,  
Қасірет үшін келмеген ол ғаламға.  
Нәзік иіе жасуындай жақсылық  
Оқ боп тиер мың зұлымдық — жалғанға.

\* \* \*

Жүрегін соқыр болса егер,  
Жайнаған көзің не керек.  
Көңілің кірлі болса егер,  
Сайраған тілің не керек.

\* \* \*

Дарқан ағыс дүркіреп қапымызда,  
Соңымызда қалады өшпес ерлік.  
Үміт оты жапбаса жанымызда,  
Сүю менен күүді білмес едік.

\* \* \*

Аямайып, ел, сенен қапымды да,  
Аямайып, жас өршіл жанымды да,  
Иығымды тосайын ауырыңа,  
Қыса білсең болғаны бауырыңа.

Басым да, кеудемдегі отты жүрек,  
Жаратылған өзіңнен етер тірек.  
Сезсең менен сәл ғана бір жамандық,  
Өрте-дағы орныммен таста күреп:

### **БҰЛАҚ**

Астында қырдың ақ бұлақ,  
Бұрала, сыңсып, шапқылап.  
Төңірекке жолшыбай  
Інжу-маржан шашқылап.

Кеселі қолым тосылып,  
Ағынға жатқан жосылып.  
Татыппын алғаш шәрбатын,  
Арманға арман қосылып.

Әлемге күнде жар салып,  
Сімірсем, қанбай, тамсанып,  
Көздерін тауып қайнардың  
Жадырар едім жанса үміт.

Өмір бойы сәбектің,  
Кәусәрін татып ер жеттім,  
Келем-ау әлі, бірақ та  
Мейірім қанбай, шөлдеп тым.

## **АҚАН СЕРІ**

Көкшенің сұлулығын  
Тұсыңнан дара ұқтың.  
Махаббат ұлылығын  
Ұрпаққа таныттың.

Уақыттан озғын тұрдың,  
Құлагер жүйріктей.  
Жайдары жазға ұмтылдың  
Тағдырға илікпей.

Жыр болды Құлагерің,  
Құмайға қу алдырған...  
Ән келеді құба белден  
Өзің шырқап қалдырған!  
Қайталайды балдырған!

## **ЖОЛАУШЫМЫН...**

Жолаушымын, жол — ғалым,  
Өмір салты сөзімде,  
Жеңіл емес салмағым,  
Жеңілсінбе өзің де.

Сәлемімді, жол-ғалым,  
Жолдап тұрмын толғанып.

Ойларымның орманын  
Ұшып келем таңға алып.

Төзімді мың сынап,  
Ойлант мені арнаңда.  
Буырқанып, бусанып,  
Айналайып қайнарға.

Жолдар, жолдар, сендерді  
Іздеп келем дауыстап.  
Әлсем тегіс шеңберлі  
Кім торабын тауыспақ.

Мен жас шынар, еменмін,  
Иілмеймін, сынбаймын.  
Өмірімнің өлеңмен  
Уықтарын сырлаймын.

Қайда қандай ғажап бар,  
Сонда менің жаһатым.  
Қашпаймын не азаптан —  
Зейнет болып жанатын.

Жармасайын жалыңа,  
Алғашқы адым, албырт жан.  
Соқпақты өмір жолында  
Табанымды алдыртпан.

Әркімдерді-ақ ойлантқан,  
Анау қия, анау шың.  
Бақыт көксем таң баққан  
Мен де сыршыл жолаушын.

Жүрегімдей тулаған  
Толқыныңа жолықтыр,  
Жан жорықсыз тумаған  
Өмір — Ұлы жорық бұл.

Жан несі баспаған  
Жанар шыңға бастандар!  
Мен несіне жасқанам,  
Самғап ұшар аспан бар.

### **ҚИЯЛШЫЛ-АҚ...**

Аппақ мамық жаңа жауған қар қандай,  
Ақ бүлдіршін сәби құшақ жайғандай.  
Күміс сауыт құрсаныпты үй-орман  
Сапқа тұрған торғауытты қолдардай.

Сүттей аппақ көңілдердей жер үсті,  
Неткен нәзік, неткен сурет келісті.  
Ақтығымен жанарыңды ұялтқан  
Шашқан қарда құдірет бар бір күшті.





Үде дауыл қорқақтар қалсын бұғып,  
Шатқалдарға меңіреу басын тығып.  
Әэ азамат тек қана жаны жарқын  
Тұғырына ерліктің алсын шығып.

Жол аша бер ей, дауыл, жарқын күліп,  
Қасиетті ғажайып парқыңды ұғып.  
Иенжарлықты тойтарып бүкіл дүние  
Біздің ұлы керуенге артуда үміт.

Қиянға асқан жол анау, таң саралап,  
Аясынан әуенді ән сорғалап.  
Коммунизм асқары — бағытымыз,  
Еңбек-зейнет өмірлік жасыл абат...

## II

Кемеңгерлік — партия даналығы  
Қақ жарған кәрлі күнде қара қылды.  
Кемеңгерлік — әділ заң асқақ арман  
Пір тұтты әлем танып жар — арыңды.

Кемеңгерлік — ел ойын екшей жүріп.  
Қадам басқан қияға көшпен күліп,  
Шешек атқан жүректе дана гүлін  
Медеу етіп жанына өсті ел-жұрт.

Кемеңгерлік — сол жұрттың дидарында,  
Өз бақытын әркім-ақ ұйғаруда.

Кемеңгерлік — елдегі азаматтың  
Ойы сұлу, қалтқысыз жан, арында...

Өр дауылды өмірде аңсар жаным,  
Мендейді бір бойымды қайсар жалын.  
Кейбір шақта симаймын кең әлемге,  
Еңсерердей өмірді бар салмағым!!

Ой кештік қой о, дауыл өз арқанда,  
Кереметпен қадалып көз әр таңға,  
Революция түлеткен қырандары,  
Ұқсаймын дауылпазға өз ортаңда!

### ***ӨРЛІГІҢДІ БЕР, МАҒАН!***

Аспан да, жер де тұтасып,  
Ойнаған жындай күші асып.  
Боранда келем, жапанда  
Боз қырауменен ұстасып.

Ұйтқиды боран долданып,  
Соңында қардан дөң қалып.  
Зарлайды орман домбығып  
Лажсыз, байғұс, қорланып.

Есігі жабық шам сөнген,  
Жұлдыздар көкте жоқ өрген.  
Сойылы тиіп дауылдың  
Аспанның беті көгерген.

Жағамнап алсаң жармасып,  
Қаламын мен де қармасып.  
Шыңырау түбін шарлаймын  
Үміт пен үрей арбасып.

Сабаулап қардың ақ шаңын  
Пәрмендей дауыл соқса мың,  
Қасқайып қарсы келем мен,  
Өрлегендей асқақ шың.

Қайтесің жөлсіз кектегіп  
Жүрекке жылпос кек теліп...  
Бұрқыра дауыл, кең далам  
Ізімді бақсын от беріп...

Қыраның болып самғаған  
Арманға жетем ойлаған.  
Ожарлығың өзіңе,  
Өрлігіңді бер, маған.

## **ҚЫС КЕЛГЕНДЕ АУЫЛҒА**

Ақ бауыр бұлт түледі —  
Ақ қауырсын — ақша қар  
Биіктен сонау гуледі,  
Жер оранды ақ шапан.

Төбе-шашы жұлынған,  
Ақ қайың да алқалы.  
Өне бойы құбылған,  
Күміс, інжу таққаны.

Қайда күңгірт, сүренсіз,  
Кешегі күздің шақтары?  
Дала еді — кілем түрі өңсіз,  
Қураған гүлдің шоқтары.

Беймаза жол қаңғырлап,  
Арбалар ойбай салатын.  
Жүргінші біткен даңғырлап,  
Ән десе мүлде жанатын.

Ал бүгін дүние жаңарған,  
Жер де аппақ, аспанда ақ.  
Ауылдар қайта жаралған  
Үйлер де барады аспандап.

### **ӨТЕДІ КҮНДЕР**

Өтеді күндер жылды айдап,  
Түрленер жылда нұрлы аймақ.  
Сарғайып, қайта шешегін  
Жарады жасыл сырнай — бақ.

Тырналар жылы жаққа ұшып,  
Жапырақтар күзде жатты ұшып.  
Қапқара қолаң шашыңа  
Қалыпты-ау сәулем, ақ түсіп.

Жүрек пен көңіл баяғы —  
Құшағын бақыт жаяды.  
Ақ түскен көріп шашыңды  
Өзіңді тұңғыш аядым.

## **АСАУ**

Асауды арбады, алдады,  
Ұмтылды жас жігіт жалына...  
Қанша асау,  
Қолда ойнап  
самғады.

Бәйек боп  
Адамның бағына  
Не жүйрік өтпеген даладан,  
Тайпалып жорғаның табаны  
Жұлдызға жымындап қараған  
Жігітті тартады жамалы.

Аялап арқаның самалы,  
Тарайды жүйріктің кекілін.  
Жұмсартқан ақылдың амалы,  
Дауылпаз асудың екпінін.

Бас-асау әлі бар әлемде  
Беймаза, бейсауат лепірген.  
Кім саймас ұлылық әніне  
Өмірге еркелеп серт ілген!

Бөріктей дөңгелек адыр, тау,  
Созылып кейінде қалады.  
Ақылдың иесі осынау,  
Бакытқа жол тартып барады.

## МАЗМУНЫ

Өмір . . . . .	3
Өз тілім . . . . .	5
Кеш туғаным болмас менің?	5
Қараағаш . . . . .	7
«Төрекелді» . . . . .	9
«Нөгербек» . . . . .	10
Жолдыөзек . . . . .	11
Үйіме . . . . .	13
Өскен жер . . . . .	14
Балықтым, менің Балықтым! . . . . .	14
Есіл бойында . . . . .	16
«Өрнек» ауылындағы жартасты көргенде	17
Ақ қайындар аралы . . . . .	19
Солдат қабыры . . . . .	22
Соғыс десе, дір етеді жүрегім . . . . .	23
Кипарис . . . . .	24
Ашиды жаным . . . . .	24
Өсек . . . . .	25
Ей, азамат! . . . . .	25
Жыр . . . . .	26

Шабыт . . . . .	27
Бір шөкім топырақ . . . . .	28
Алдым жаз . . . . .	28
Көңіл . . . . .	29
Келші, ара! . . . . .	30
Толқын . . . . .	31
Ала бергің келеді . . . . .	32
Көктем келді . . . . .	32
Күз . . . . .	33
Боран . . . . .	34
Сұлулық . . . . .	35
Қара торғай . . . . .	35
«Альпинист» . . . . .	36
Ұмытып кеттім өзімді . . . . .	36
Бәйге . . . . .	38
Достарым менің . . . . .	39
Көктемде сауық кеші . . . . .	40
Бұлт . . . . .	41
Шумақтар . . . . .	43
Бұлақ . . . . .	44
Ақан сері . . . . .	45
Жолаушымын . . . . .	45
Қиялшыл-ақ . . . . .	47
Дауыл . . . . .	48
Өрлігінді бермаған! . . . . .	50
Қыс келгенде ауылға . . . . .	51
Өтеді күндер . . . . .	52
Асау . . . . .	53



*Муталлап Кангожин*  
**ОСТРОВНИ БЕЛЫХ БЕРЕЗ**  
**СТИХИ**

(на казахском языке)

Издание издательство «Жазушы»—1969

Ред. *А. Шалабаева.*  
Худож. ред. *Н. Қисамединов.*  
Художник *Р. Слюсарева.*  
Техн. ред. *С. Лепесова.*  
Корректор *Е. Жармуханбетов.*

Сдано в набор 26/III—69 г. Изд. № 175.  
Подписано к печати 13/VI—69 г. УГ04059.  
Бум. тип. № 2. 60×90<sup>1/32</sup>=1,75 п. л.  
(Уч.-изд. 1,73). Тираж 10000 экз.  
Цена 17 коп.

Заказ № 584. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата,  
ул. Пастера, 39.